

ЖББ Шежін ОМББК КММ мектеп кітапханасы



Мектеп кітапханасы 2-ші қабатта орналасқан. Жалпы аумағы 55 м², оқу залы мен абонемент бірге орналасқан, оқулықтар қорын сақтайтын бөлме бар. Оқу залындағы оқырмандардың отыратын орын саны - 15.

Мектеп кітапханасында 1 кітапханашы жұмыс атқарады кітапханашы Таубаева Гулфазу Кырышовна білімі жоғары, жалпы еңбек өтілі аталған мекемеде 7 жыл, кітапхана бойынша білімі жоғары, еңбек өтілі 7 жыл, санаты жоқ.

Кітапхананың жұмыс істеу уақыты 8.30-13.00, 14.30-18.00 дейін.
Демалыс күні - сенбі, жексенбі.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кітапхана ісі туралы нормативті актілерін, қаулы мен бұйрықтарын, Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының «Білім жүйесінің кітапханаларына арналған кітапхана ісі жөніндегі әдістемелік құралдарын» басшылыққа алып, өз қызметтерін жүргізеді.

2020-2021 оқу жылының кітапхана көрсеткіштері:

Кітапхана қоры – 13439 кітап соның ішінде:

Оқулықтар қоры - 6188

Оқулықтар – 4655

Әдістемеліктер – 1177

Электрондық оқулықтар – 356

Негізгі қор – 7251 соның ішінде:

Көркем әдебиет – 4686

Балалар әдебиеті – 976

Салалар бойынша – 1598

Жаңа 2020-2021 оқу жылында 11 сыныбына жаңа оқулықтар тапсырыс беріліп алынды. 1-11 сынып оқушылары осы оқу жылына оқулықпен 100% толық қамтылды.

Кітапхананың бақылау көрсеткіштерінің орындалу жұмыстары бойынша 2020-21 оқу жылында кітап қоры 1660 дана 3383001 теңгеге жаңа оқулықтар мен оқу әдістемелік

кешендермен толықты, соның ішінде оқулық 396, әдістемеліктер 249, электрондық оқулық 16, көркем әдебиет 409 дана және салалар бойынша 140. (дәптерлер 450). 2020 жылдың қорытындысы бойынша 2284051 тенгеге 1171 дана уақытша сақталатын оқулықтар мен дәптерлер мерзімі біткені себебімен қордан шығарылды.

Елімізде пандемия жағдайына байланысты 2020-2021 оқу жылында мектеп кітапханасының жұмысы онлайн түрінде жалғасты.

Кітапхана залында дәстүрлі көрмелер бірнеше жылға арналып немесе елеулі күндерге арналып, жасақталып тұрады. Жыл бойына «Келешекті болжаған кемел жолдау», Президент жолдаулары уақытылы ауыстырылып, жыл сайынғы жолдаулар папкаларда жинақталады, «Туған жерім – Қазақстан», Тілдер күніне - «Мемлекеттік тіл – бірліктің тілі», Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай «Абай тағылымы», Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына орай «Мәңгі өшпес отты жылдар», «Ертегілер елінде», «Бір ел – бір кітап» республикалық акцияға, «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік», «Мәдени мұра – ғасырлар куәсі», «Атамекен – Ақжайық» сияқты тұрақты кітап көрмелері және «Әдеби күнтізбе» ақын-жазушылардың мерейтойларына байланысты ауысып тұрады.

Readx жобасы мен «Бір ел – бір кітап» акция аясында Әль-Фарабидің 1150 жылдығына Әнуар Алимжановтың «Ұстаздың оралуы» романы, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясына әдеби шолу ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылар арасында кітап оқуды насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, шығарманың идеялық мәнін меңгере отырып рухани құндылықтарды бойына сіңіру. Екі аталған кітап туралы оқушыларға бейнеролик ұсынылды.

Ғалым, педагог, жазушы, Кеңес Одағының Батыры М.Ғабдуллиннің туғанына 105 жыл толуына орай «Ер есімі ел есінде» атты өмірбаянына шолу 5 сынып оқушыларына ұйымдастырылды. Оқушыларға батыр туралы бейролик ұсынылды.





Ақын Жұбан Молдағалиевтің 100 жыл толуына орай 6-7 сынып оқушыларына «Мәңгілік қазақ, мәрт ақын» әдеби шолу жүргізілді. Мақсаты: Жұбан Молдағалиевтың өмірбаянымен оқушыларды таныстыру, поэзияға деген қызығушылығын арттыру, тілге, Отанға сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. Жұбан Молдағалиев туралы бейнеролик ұсынылды.

1 желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтарын насихаттау жөніндегі іс-шараларын өткізу аясында 5-11 сынып арасында «Ұлы тұлғаға құрмет» атты виртуалды кітап көрмесі көрсетілді. Өткізілген шаралардың мәліметтері фейсбук желісіне жүктелді.



ҚР Тәуелсіздігі күніне орай Еліміздің Тәуелсіздігі үшін күрескен, бойында ұлттық рухы, Отанға, еліне деген патриоттық сезімі қалыптасқан жастардың өмірін болашақ ұрпаққа үлгі ету, тарихымызды таныту мақсатында 9-10 сынып оқушыларына «Желтоқсан – тәуелсіздіктің бастауы» атты тарихқа шолу ұйымдастырылды. Тәуелсіздіктің тарихы туралы слайд пен видеоролик ұсынылды.



ҚР Тәуелсіздігі күніне орай мектеп кітапханасының дәлізіне «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты кітап көрмесі орналастырылды. Мақсаты: желтоқсан оқиғасы туралы, тәуелсіздік үшін күрескен қазақ жастары туралы мағлұмат беру, тәуелсіз еліміздің өркендеп даму жолы, ҚР Тұңғыш Президенті туралы жазылған әдеби кітаптар ұсынылды.



